

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
PHILOLOGICAL SCIENCES

FTAMP 14.09.95

Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

М.Қ. ЖАЗЫҚОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Түйіндеме. Мақалада автор оқыту әдістері туралы алғашқы мәліметтердің сонау ерте замандардан бастау алатынын ескерте отырып, адамзат тарихында жетекші әдістер ретінде мойындалған кейбір әдістерге сипаттама береді. Мұнан әрі өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы оқыту әдістері және оларды оқу әрекетінде қолдану турасындағы ғылыми ізденістерді зерделей отырып, бұл мәселеге әдіскерлердің өз заманы талаптары тұрғысынан байыппен қарағанын атап көрсетеді. Қазақтың тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов еңбектерінде кездесетін түрлі оқыту әдістері негізінде қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының қазіргі даму, жетілу деңгейін саралауға, ғылыми ізденістер мен ой-тұжымдардағы тарихи сабақтастықты айқындауға болады деп түйіндейді.

Түйінді сөздер: оқыту әдістері, профессор Қ.Жұбанов, қазақ тілін оқыту әдістемесі, жинақтау, жүйелеу, талдау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, әңгіме әдістері.

Аннотация. В статье автор дает краткое сведение из истории появления и развития методов обучения и описывает некоторые ведущие методы, признанные педагогами в разное время. Далее, автор, анализируя методы обучения, использованные в учебном процессе в 30-е годы прошлого века, отмечает, что учителя-методисты по требованию своего времени к этой проблеме подошли очень серьезно. В заключении автор резюмирует, что анализ методического наследия профессора К.Жубанова помогает глубокому осмыслению нынешнего состояния, перспективы развития и историческую преемственность в преподавании казахского языка.

Ключевые слова: методы обучения, профессор К.Жубанов, методика преподавания казахского языка, методы обобщения, систематизации, анализа, сравнения, описания, вопросов и ответов, беседы.

Annotation. In the article, the author gives a brief summary of the history of the emergence and development of teaching methods and describes some of the leading methods recognized by scientists at different times. Furthermore the author, analyzing the teaching methods used in the educational process in the 1930's of the last century, notes that teachers-methodologists approached this problem seriously as was required by their time period. Finally, the author concludes that the analysis of the methodological heritage of Professor K.Zhubanov helps to thoroughly understand the current state, development prospects and historical continuity in the teaching of the Kazakh language.

Key words: teaching methods, professor K.Zhubanov, methods of teaching the Kazakh language, methods of generalization, systematization, analysis, comparison, description, questions and answers, conversations.

Оқыту әдістері туралы алғашқы мәліметтер Рим дәуірінен бастау алады. Адамзат тарихының дамуы барысында оларды кейінгі ағартушы-әдіскерлер өз қызметінде жетілдіріп отырған. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, XVI ғасырда тура әдіс бағыты грамматикалық әдіс бағытына ауысты, себебі ол дәуірде тілді практикалық қажеттілік тұрғысынан меңгерудің басты шарты ережелерді білу болатын. Кейін Я.А.Коменскийдің еңбектері арқылы дыбыстық-бейне әдіс жетекші әдіс ретінде мойындалды. XVIII ғасырда қайтадан грамматикалық бағытқа оралу байқалады, яғни грамматиканы тіл оқытудың мақсаты деп түсіну көрініс табады. XIX ғасырда аталған екі әдіс те орнығып, жетекші әдістер ретінде қалғанымен, бұл кезеңде жаңа әдістемелік ілімдер де қалыптаса бастады. Мысалы, орыс педагогі К.Д.Ушинский оқу материалын меңгеруде әңгіме, салыстыру, пысықтау, бекіту сияқты әдістерді тиімді қолданудың жолдарын көрсетті. Ал қазақтың ұлы ағартушысы Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде әңгіме әдісін қазақ мектептерінде алғаш қолданды. Ол тіл игертуді грамматикалық ережеден емес, сөзді үйретуден бастау керектігіне баса мән берді. Оның балаларға арналған әңгімелерінде салыстыру әдісі де көп орын алған.

Оқытуда әдістерді түрлендіре қолдану қажеттілігін ұлы орыс ойшылы Л.Н.Толстой назардан тыс қалдырмаған. Ол бұл турасында төмендегідей пікір айтады: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» [1, 35]. Л.Н.Толстойдың бұл пікірін кезінде қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы өзінің атақты «Жалпылау әдіс» атты мақаласында келтіріп кетеді. Ол алдымен бала оқыту ісін осы ғылымды оқып игеріп шыққан мамандарға жүктеу керектігін баса айтып, білімді, білікті мұғалімдерге үлкен міндет артқан және олардың бала оқытуда белгілі бір тиімді әдістерді меңгеруін талап еткен: «Бір нәрсені істегенде сол істі білетін адам істесе, шапшаң да жақсы істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы мәліметтерді білерге керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында» [2, 71].

Оқыту әдістерінің өзекті мәселелеріне ерекше назар аударғандардың қатарында ағартушы-ғалым Ж.Аймауытов та болды. Ол әдістемелік мақалаларында білімді игеруде бөліктерден тұтас бүтін құрау, жеке мағлұматтардан қорытып, жалпы ұғым, жалпы заң

шығару, жалқыдан жалпыға көшу әдісінің, бір сөзбен, жалпылау (индукция) деп аталатынын, ал ойлаудың екінші жолы жалпы ұғым, жалпы ережеден жеке мағлұмат шығару жалпыдан жалқыға көшу, яғни жалқылау (дедукция) әдістерін талдап-сипаттайды. Сондай-ақ мұғалімнің өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарай отырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыруы керектігін ескертеді.

Сонымен, өткен ғасырдың 30-шы жылдары танымал әдіскер-ғалымдардың «әдіс» ұғымына берген тұжырымдары мен оларды оқу әрекетінде қолдану турасындағы ғылыми ізденістерін зерделей отырып, оқыту әдістерінің жалпы тілді үйретуде аса қажетті және маңызды мәселе екені анықталды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында «әдіс» ұғымының әр түрлі ғалымдар тарапынан зерделенуіне тоқтала отырып, бұл мәселеге әдіскерлердің өз заманы талаптары тұрғысынан байыппен қарағанын анықтауға болады. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде жалпы оқыту әдістерінің оқу үдерісінде жеке дара қолданылмайтындығы, олардың бір-бірімен өзара тығыз байланыста болатындығы атап айтылады. Олар сабақта бір-бірімен тоғыса, жымдаса келе, оқушының білімді толық меңгеруіне мүмкіндік жасайды. Заман ағымымен және ғылым мен техниканың дамуына байланысты оқыту әдістері де жетіліп, түрленіп, дами түсетіні анық.

Осы ретте профессор Қ.Жұбановтың өз тұсындағы өзектес кең ұғым оқытудың әр түрлі әдістері туралы тұжырымды пікірлері арнайы зерттеуге нақты қадам жасалғанын дәлелдейді. Ғалым нақты бір оқыту әдісі туралы арнайы атап мақала немесе ғылыми еңбек жазбағанымен, оның 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы мен 5-7-сыныптарға арналған бағдарламасын, сол жылдары баспасөз беттерінде жарық көрген кейбір ғылыми-әдістемелік мақалаларын зерттей отырып, қазақ тілін оқытудың сапасын арттыруда оқыту әдістеріне ерекше назар аударғанын көруге болады. Сабақтың өз деңгейінде өтіп, оқу материалының жіті түсіндірілуі үшін мұғалім әрекетіне қойылатын талаптар: сабақ құрылымын жүйелі құру, қажетті білімді жеңілден ауырға ұстанымына мән бере отырып жеткізу, оқушының жалпы сауаттылығы мен тіл мәдениетін қалыптастыру көзделсе, Қ.Жұбанов осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқыту әдістерін таңдап, тиімдісін қолдануды талап етті.

Қ.Жұбановтың мектепті тексеруге барған инспектордың әдістемеден жан-жақты хабары болуын талап еткенін және олардың мектепке тек жай барып қайтпай, мұғалімдердің сабағына кіріп, білімді меңгертудің жақсы әдіс-тәсілдерін үйретіп қайтуы керектігіне баса мән бергенін Ақтөбе губерниясы ағарту комиссариатының инспекторы қызметінде жүрген кезінде жазған мақалаларымен таныса отырып, көруге болады. Сонымен қатар оқушыларға білім беруде, сабақ сапасын арттыруда мұғалім білімділігінің басты көрсеткіш

болатындығын ғалым атап көрсетеді: «Если учитель будет знать предмет, то он может найти и методы. Я этим нисколько не хочу игнорировать значение методов, но без знаний самого предмета – методика бессильна» [3, 324]. Білім беру жүйесінде оқыту әдістерінің маңызын терең түсінген ғалым пәнін жетік меңгерген мұғалім ғана оны үйрететін тиімді әдісті тандай алады деп түйіндейді. Бұл Қ.Жұбановтың пәннің негізгі мазмұнын білмеген мұғалім жақсы нәтижелерге қол жеткізе алмайды деген қағиданы басшылыққа алғанын байқатады.

Өзінің атақты «Жанғазыға хатында» Қ.Жұбанов ауыл мұғаліміне келелі мәселелер тұрғысынан шешімін табуға тиісті сұрақтар қояды: «Неден бастап, нені үлгіге алып, нені іздеп, нешік жаттықтырып, немен аяқтадың?» [4, 145]. Сөйтіп, ғалым мұғалім қолданған оқыту әдістерін нақты сұрап, анықтап, олардың тиімді-тиімсіздігіне үлкен мән береді, мұғалімнің сабақ барысында кездестірген қиындықтарын талдап, анықтауға талпыныс жасайды.

Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасын алғаш зерттеген ғалымдардың бірі М.Жұбанова ғалым еңбектерін зерделей отырып, оның тәжірибеде қолданған дәстүрлі әдіс-тәсілдерінен мыналарды атап көрсетеді: жалпылау, жүйелеу, айыру, жаттау, талдау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат және т.б. Сонымен бірге ол Қ.Жұбановтың өз заманы үшін жаңа, тың әдістерді де назарынан тыс қалдырмай, оларды шығармашылығында шебер қолдана білгені турасында былай дейді: «...баяндау әдісі, түйінді мәселелерге көңіл аудара түсіндіру әдісі, өмірге үнілдіру, еңбек процесімен байланыстыру, пәнаралық байланыс, оқушы алдына проблема қоя оқыту, жүйелі ойға төселдіру, миға гимнастика жасату және т.б.» [5, 75]. Аталған әдістердің кейбірі дәстүрлі дидактикада берік орын алып, олардың тиімділігі көп жылдық тәжірибе негізінде дәлелденсе, кейбір әдістер қазіргі жоғары технологиялар заманында жаңа қырынан танылып, мұғалімдерге ізденіс жолын нұсқап келеді. Аталған әдістер ғалым еңбегінде бірде жеке-дара көрініс тапса, бірде бірнеше әдіс қатар қолданылып, тақырыптың оқушы үшін қызықты, жүйелі түсіндірілуіне жағдай жасайды. Бұдан ғалым еңбектерінде кездесетін кейбір оқыту әдістерінің бүгінгі кезде кең қолданылып жүрген «оқытудың жаңа технологиялары» секілді өзектес кең ұғыммен сабақтас екендігін аңғаруға болады. Алдымен ғалым еңбектерінде кездесетін оқытудың көп жылдық тәжірибесі нәтижесінде тиімділігі дәлелденген дәстүрлі әдістерге тоқталайық.

Жалпы, Қ.Жұбанов өз еңбектерінде қазақ балаларына тіл үйретуде ұлттық ділге тән ерекшеліктерді ескеретін әдістер іздестіру керек деген ойды көлденең тартады. Сабақ барысында меңгерілетін теориялық білім мен оны іс жүзінде қолдана білу білігін қалыптастыру мақсатында берілетін сөйлем талдау, құрастыру, баяндау жұмыстарын жүзеге асыруда ғалым қазақ халқының еңбек құралдары, қоршаған орта құбылыстары, қолөнер

бұйымдары сияқты өмірден алынған нақты мысалдармен түсіндіру әдісін шебер пайдаланады. Бұл, әрине, оқушылардың танымдық шеңберін кеңейтуге жағдай жасайды. Сайып келгенде, бұл мәселелер оқу үдерісінде халықтық педагогика мен психологияға тән элементтерді енгізудің ұлттық тәлім-тәрбие беруде маңыздылығын, қажеттілігін дәлелдейді. Оқулықтан үзінді келтірейік: «Тігіліп біткен киім, тоқылып шыққан өрмек, иіріліп болған жіп сияқты, сол күйінде адам керегіне жарарлық болып жасалған затты бұйым дейміз. Бұйым жасауға керекті затты материал дейміз» [4, 147].

«Жалпы морфологияның» «Таныстыру» деп аталатын бірінші бөлімінде де автор тіл заңдылықтарына талдау жасай отырып, оқушыларға тақырыпты терең түсіндіру жолдарын іздеген. Автор мұнда тілдің табиғатын сөзді түсіндіруден бастайды. Осымен байланысты «сөз» қолданымы кең мағынада, яғни бүтін ұғым ретінде алынған. Осы бүтін кейін тақырыпшалардың мазмұнына сай тағы да бірнеше бөліктерге бөлінеді: сөз, сөз бөлшектері, сөз бұйымы, сөз материалы, сөз бен ой, сөйлеу, сөйлем және тағы басқа. Олай болса, сөз бөлшектерінің үлкені де, кішісі де болады. Бірақ олар қалай болса солай жасала салмайды. Олардың басын қосып, жинақтағанда ғана бөлшектер қайта қиындасып, әрқайсысы өз орнына келе қалады. Осылайша кең мағынадағы «сөз» атты бүтінді бірде талдау, бірде жинақтау арқылы ғалым индукция және дедукция әдістері негізінде меңгертеді. Осындай түсіндірулер арқылы ғалым балаларды өз бетімен ойлауға төселдірген. Олай болмағанда оқушы фонетикалық бірегейлерді де, морфологиялық тұлғаларды да, синтаксистік тұтастықтарды да дұрыс түсінбей, тек олардың сыртқы формаларын ғана таныр еді. Басқа сөзбен айтқанда, ғалым өзінің ғылыми пайымдауларын топтау, талдау, салыстыру, қорыту сияқты логикалық әрекеттермен жете түсіндіреді. Бұл – әр мұғалім үшін шеберлігін арттыруға көмегін тигізетін әдістемелік нұсқау.

«Буын» тақырыбын өткенде де Қ.Жұбанов буынға бөлуде анализ бен синтездің бірлігін көрсетеді. Оны ғалымның алдымен белгілі бір сөзде қанша буын бар екенін, әр буынның неше дыбыстан және қандай дыбыстардан тұратынын талдап, ажыратуға басты назар аударғанынан көруге болады.

Ғалым аталмыш оқулығында сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс, әріп – бәрі де жеке тұрғанда, дербес бүтін болғанымен, бәрі бірігіп, бір жаңа бүтін құрайтындығын оқушы түсінігіне жеңіл фактілер арқылы салыстыра түсіндіреді: «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, тас, кірпіш, балшықтарды қалай болса солай құрастырып, үй салса, үй болмайды, тек үйіншік болады. Үй болу үшін қиынын тауып қалап, байлауын тауып ұстатып, адам тұратын бөлме ме, мал қора ма, астық жинайтын сарай ма, қайсысы екенін керегіне қарай тиісті түр беру керек» [4, 146]. Сөйтіп, ғалым ойлау операцияларының бірі – салыстыру әдісін қолдана отырып, сөз бөлшектерінің «бұйым» екенін түсіндіреді.

Оқулықтағы «Сөйлем мүшелері» тақырыбын меңгерту барысында да ғалым сөйлем мүшелерін бала ұғымына таныс, белгіліден белгісізге ұстанымы негізінде адамның дене мүшелерімен салыстырады. Бір ғана сөзден тұратын сөйлемді аяқ-қолы жоқ домалақ денемен салыстырса, «Фонетика» бөлімінде тіл дыбыстарының пайда болуын әр түрлі музыка аспаптарының үн шығару қасиеттерімен салыстыра отырып, түсіндіреді. Осы ретте Қ.Жұбанов оқулығында көрініс тапқан оқыту әдістері мен тәсілдері туралы профессор Н.Оралбаеваның төмендегі пайымдауының маңызы өте зор: «Бұл грамматиканың тағы бір ерекшелігі грамматикалық ережелерді, ұғымдарды түсіндіру тәсіліне байланысты. Автор бала жасының, санасының ерекшелігін қатты ескерген, сондықтан тіл қағидаларын балаларға таныс мысалдармен салыстыра түсіндірген. Бұл – методикалық жағынан өте көңіл бөлерлік мәселе» [6, 32].

Дәстүрлі әдістеде берік орын алған *сұхбат (әңгіме)* әдісінің элементтерін де Қ.Жұбанов еңбектерінен көруге болады. Ғалымның 1934 жылы жарық көрген «Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелерінде оқу жылының 2-жартысында талқыланатын әдіс-программа мәселелері» атты әдістемелік нұсқауында аталған әдістің орфографияны меңгерту барысында, тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жақсы нәтиже беретіні атап айтылады. Аталмыш әдістің маңызын ашу барысында қазақ тілі, қоғамтану, табиғаттану сияқты пәндер арасындағы байланысқа да ерекше назар аударылады: «Сурет бойынша әңгімелесу бір ғана ана тілі үшін емес, қоғамтану мен жаратылыстану сабақтарында бірдей қолданылады» [4].

Ғалымның мақалада назар аударған тағы бір мәселесі балаларды мәнерлеп оқуға үйрету, оқу жылдамдығын шапшаңдату болатын. Қ.Жұбанов бұл проблеманы оқушылардың ауызша және жазбаша сөздік қорын дамыту процесімен байланыста қарастырады және оны оқушыны ана тілінде таза сөйлей білуге баулу мәселесімен тығыз байланыста шешуге тырысады. Осы мақалада ғалым оқушының сөйлеу тілінде кездесетін қателерді болдырмаудың жолдарын көрсетеді. Бұл міндет оқушының сауаттылығын арттыру мен сөздік қорын дамыту мәселелерімен тығыз байланысты.

Еңбекте сөз болған маңызды мәселелердің бірі – оқушыны әдемі жазуға үйрету, яғни каллиграфия мәселесі. Сондай-ақ емле, орфографиялық ережелерді меңгерту мәселелері де ғалымның назарынан тыс қалмаған.

Қ.Жұбанов «Буын жігін қалай табуға болады?» атты мақаласында механикалық ойлау түрінде дағдыны қалыптастыру немесе жаттау сияқты дәстүрлі әдісті сөзді буынға бөлуде қолдануға болатынына назар аудара отырып, аталған әдісті буын сырына толық түсінбей қолдануға болмайтындығын қатаң ескертеді және есте қалдырудың мағыналы жолын түсіндіріп береді: «Соның үшін олай механик түрде балаға бөлдіру жарамайды. Есеп

сабағында 15 пен 16 есебін бірінің астына бірін жаздырып, бірден 16-15-31 түрінде шығару қиын емес. Бірақ бірліктер мен ондықтардың қасиетін аңғартпай, неліктен бір ондықты бұлай қарай тасымалдау керектігін түсіндірмей, бас салып, «осылай жаз!»-десең, нәтиже берген сияқты болғанымен, өрісі ұзамайтын білімсіз дағды ғана бермек» [4, 374]. Бұл жолдардан оқушыға берілетін білім көлемінің әрқашан саналы меңгерілуін басты назарда ұстағанымен қатар, ғалымның пәнаралық байланысты жүзеге асырғанын байқауға болады. Жалпы, классикалық педагогикада пәнаралық байланыс идеясы танымал ғалымдар Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д. Ушинский еңбектеріндегі оқу материалы мазмұнының табиғи тұтастығын көрсететін жолдарды іздестіру барысында дүниеге келген. Соңғы жылдары пәнаралық байланыс пен білім берудегі біртұтастық идеясы «интеграция» терминімен ауыстырылып жүргені белгілі. Ал бұл өз кезегінде «жалпыны» құрайтын «дербестің» жаңа сапалық күйін басшылыққа алуды қажет етеді. Интеграцияның көмегімен ғылымның белгілі бір саласындағы білім басқа салада да пәрменді пайдаланыла алады. Өткен ғасырдың 30-жылдары мұны жақсы түсінген ғалым бұл идеяны тиімді қолдануға тырысты.

Олай болса, Қ.Жұбановтың әдістемелік еңбектерін зерделей отырып, оның лингвистика ғылымына қатысты маңызды пайымдаулар жасап қана қоймай, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының қалыптасып, жетілуіне, толыққанды дамуына еңселі үлес қосқанын аңғарамыз. Екінші жағынан, ғалым еңбектерінде кездесетін әр түрлі оқыту әдістерін саралай отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің қазіргі даму, жетілу деңгейін саралауға, ғылыми ізденістер мен ой-тұжымдарындағы тарихи сабақтастық пен жалғастықты айқындауға мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қыдыршаев А.С. А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация - Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. - 1995. - 196 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
3. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. - Алма-Ата: Наука. - 1966. – 361 с.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым. - 1999. - 581 б.
5. Жұбанова М. Профессор Қ.Жұбанов ұлттық лингводидактика проблемалары хақында. - Алматы: Ғылым, 2002. - 82 б.

6. Оралбаева Н. Ұлттық тіл біліміміздің теориялық негізін қалаушы // «Жұбанов тағылымы – 4» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АМУ. - 2004. - Б.30–37.

ҒТАМР 17.01.07

ҒАЛЫМ Е.Қ. ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЭПОСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р.Р. ЖҰМАҒАЛИЕВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа: Бұл мақалада ғалым Е.Қ.Жұбановтың эпостануға қатысты ғылыми тұжырымдары, соның ішінде лиро-эпостық жырлардың жанрлық табиғатын танытуға қатысты пікір-көзқарастары талданады

Түйінді сөздер: эпос, эпостық жырлар, жанр, фольклор

Аннотация: В данной статье анализируются взгляды ученого Е.К.Жубанова на научные выводы эпосоведения, в том числе жанровую природу лиро-эпических поэм.

Ключевые слова: эпос, эпические поэмы, жанр, фольклор

Annotation: This article analyzes the views of the scientist E. K. Zhubanov on the scientific conclusions of epic studies, including the genre nature of lyro-epic poems.

Key words: epic, epic poems, genre, folklore

Халық ертегілері, айтыс, жыр-жоқтаулары, аңыз әңгімелері, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш тәрізді көркем сөз үлгілерінен жинақталған халық ауыз әдебиетін ғалым Е.Қ.Жұбанов өз еңбектерінде «ауызекі сөз өнері» немесе кейбір тұстарда «ауызекі көркем сөз үлгілері» деп келтіреді. Зерттеуші ХХ ғасырдың 60-70 жылдары ғылымда қолданысқа енген «Халық ауыз әдебиеті» деген терминнің өзіне қарсы ғылыми пікірлерін білдірген. Қазақта ауызекі түрде жеткен көркем сөз үлгілерін Қ.Жұбанов «Халық әдебиеті» деп атаған, С.Сейфуллин «Ескі әдебиет нұсқалары» деп келтіреді, ал өзге фольклор зерттеушілерінде «Ел әдебиеті» деп берілетіндігін өз көзқарасына дәлел етеді.

Сондай-ақ ғалым зерттеулерінде ауызекі көркем сөз үлгілерінің, соның ішінде тарихи аңыздар, шежіре сарындас желілі әңгімелер, ғажайып қиялдан туған ертегі үлгісіндегі мифтік сюжеттер тағы сол сияқты аралық мотивтерді сөз ететін, өлеңі мен қарасөзі аралас баяндаулар тек сырттай ғана жіктеліп, негізінен орыс фольклористикасының жүйесімен таптастырылып келе жатқандығы, жалпы халық әдебиетінің туындыларына деген көзқарастың өзі үнемі бір ізді, бір мақсатты болмағандығы қашанда назардан тыс қалмаған [1, 60].